

Г.С. Асқарова^{1*}, А.Е. Айтбаева², Қ.С. Құрмамбаева³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

³«Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ, Семей, Қазақстан

E-mail: ¹gauhar_8@mail.ru, ²aiman_aitbaeva@mail.ru, ³karlitos-73@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-0688-4850, ²0000-0003-2346-3211, ³0000-0001-6022-3992

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ МЕН АДАМ ТАҒДЫРЫ

Аңдатпа. Қазақ прозасында қазақ өмірімен тікелей тамырлас, кейіпкер деңгейіне көтерілген бірден бір жануар ол – жылқы малы. Әдебиетімізде халық ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, жылқы жануары туралы жазылған көркем шығармалар жетерлік. Олардың бәрін бір мақала төңірегінде қамту да мүмкін емес. І. Жансүгіровтың «Құлагер», Ғ. Мүсіреповтің «Бошайдың үш қарасы», Ш. Айтматов «Қош бол, Гүлсары», Ә.Кекілбайдың «Бәйге торы», Т.Әлімқұловтың «Тұлпардың тағдыры», «Қош бол, Абсент», «Ақбоз ат», Қ. Жұмаділовтың «Сәйгүліктер», тәуелсіздік тұсында жазылған Н. Ораздың «Жылқының көз жасы», Н. Дәутай «Айғыркісі», Ж. Қайраңбайдың «Тұлпардың дүбірі», М. Мәжитовтың «Ат сейіс», С. Ибраимның «Ататоры» т.б. шығармаларында жылқының ойы, сезімі, түйгені, топшылауы арқылы өмір шындығы бейнеленіп, адам тағдыры мен жылқы тағдыры қатар өріледі. Адам мен жылқы тақырыбы қазақ прозасында ұңғыл-шұңғылына дейін зерттеліп жазылған, иі қанған тақырып деп тұжырымдауға дәлел жеткілікті. Дегенмен, оның зерттеу нысанына алынып зерттелуі көңілге толымсыз. Мысалы, Жұмабай Қайранбайдың «Тұлпардың дүбірі» деп аталған кітабы да осы қасиетті жануар туралы сөз етіледі. Тағдыр талқысымен бір қолдан екінші қолға көшіп, қайта-қайта сатыла берсе де, өзінің туған сонау қияндағы мекеніне жол тауып, қайта айналып келуден қажымайтын Күрең жорға – оқырман есінде сақталып қалатындай ұтымды образ. Оқиғаны қызықты етіп құруға да төселіп қалған жазушының бұл кітабы өз оқырмандарын таба алады деген сенімдеміз. Жылқының асыл қасиетін паш ететін Самат Ибраимның «Ататоры» әңгімесі де жылқы жануарына арналған. Жаугершілік заманда дұшпандардың қолына түсіп қалған Құттығай батырдың дүлдүлі елін аңсап, қашып жүріп, қазаға ұшырайды. Н. Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесінде экологиялық апаттың салдары көркемдікпен баяндалып, жылқы жануарының ең соңғы талпынысы оқырман жүрегін еріксіз дір еткізіп, осы бір қасиетті жануардың табиғатын тағы бір қырынан аша түседі. Көшпенді халықтар өмірінде жылқы жануары қалайша ардақталса, әдебиетімізде адам тағдыры мен табиғатты егіздеуде бұл тақырып өзінің өзектілігін жоймайды.

Алғыс: Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2022-2024 жж. гранты аясында қаржыландырылған №АР14872341 «Қазақ көшпелілерінің өміріндегі жылқының рөлі және оның ұлттық әдебиеттегі көркем репрезентациялануы» жобасы негізінде жарияланды.

Кілт сөздер: Экологиялық апат, жылқы пен адам тағдыры, жылқының көз жасы, қазіргі қазақ әңгімелері, тұлпарлар дүбірі, ұлттық әдебиет, ұлттық ойлау мен пайымдау.

Г.С. Асқарова^{1*}, А.Е. Айтбаева², Қ.С. Құрмамбаева³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

²Кызылординский университет имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

³НАО «Университет имени Шакарима города Семей», Семей, Казахстан

E-mail: ¹gauhar_8@mail.ru, ²aiman_aitbaeva@mail.ru, ³karlitos-73@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-0688-4850, ²0000-0003-2346-3211, ³0000-0001-6022-3992

Судьба коня и человека в современных казахских рассказах

Аннотация. В казахской прозе лошадь – единственное животное, непосредственно связанное с жизнью казахов и часто являющееся активным действующим лицом. Начиная с образцов народной

устной литературы, в национальной литературе много художественных произведений о лошадях. Охватить их все в одной статье невозможно. В таких произведениях как «Күлагер» И.т.Жансугуровой, «Бошайдың үш карасы» Г. Мусрепова, «Қош бол, Гүлсары» Ч. Айтматова, «Бәйге торы» А. Кекилбая, «Тұлпардың тағдыры», «Қош бол, Абсент» и «Ақбоз ат» Т. Алимкулова, «Сәйгүліктер» К.т.Жумадилова, «Жылқының көз жасы» Н. Ораза, «Айғыркісі» Н. Даутая, «Тұлпардың дүбірі» Ж. Кайранбая, «Ат сейіс» М. Мажитова, «Ататоры» Самата Ибраима и т. д., реальность жизни изображается через мысли, чувства, эмоции, размышления о лошади, а судьбы человека и лошади сплетаются воедино. Следовательно, есть достаточно оснований сделать вывод, что в казахской прозе тема лошади тщательно изучена и описана. Но раскрытие темы уже в рамках научного исследования является неполной. Например, в книге Жумабая Кайранбая «Тұлпардың дүбірі («Топот тұлпара»)» также упоминается это ключевое животное. Куренжорга, который не устает искать дорогу обратно в родные места, даже если его перепродают, и его судьба переходит из одних рук в другие, – это значимый образ, который останется в памяти читателя. Данная книга, написанная так, чтобы увлекать читателей, может найти большую аудиторию. Лошади также посвящен рассказ Самата Ибраима «Ататоры», показывающий их благородные качества. Там, тоскуя по попавшему во время войны в руки врагов Куттыгай батыру и его родной земле, убегает и погибает его конь. В рассказе Нурғали Ораза «Жылқының көз жасы («Слэзы коня»)» художественно описаны последствия экологической катастрофы, как и последние метания этого животного, что заставляет трепетать сердце читателя и раскроет природу этого лошадей с другого ракурса. Как лошадь почитается в жизни кочевых народов, так и эта тема не теряет своей актуальности в национальной литературе, переплетая судьбы человека и природы.

Благодарность: Статья опубликована в рамках гранта проекта на 2022-2024 гг. № AP14872341 «Роль лошади в жизни казахских кочевников и ее художественная репрезентация в национальной литературе» от Комитета науки Министерства науки и образования РК.

Ключевые слова: экологическая катастрофа, судьба коня и человека, слезы коня, современные казахские рассказы, топот тұлпара, национальная литература, национальное мышление и рассуждения.

G.S. Askarova^{1*}, A.E. Aitbaeva², K.S. Kurmambayeva³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²Korkyt ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

³NJSC «Shakarim University», Semey, Kazakhstan,

E-mail: ¹gauhar_8@mail.ru, ²aiman_aitbaeva@mail.ru, ³karlitos-73@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-0688-4850, ²0000-0003-2346-3211, ³0000-0001-6022-3992

The fate of horse and man in modern kazakh stories

Abstract. In Kazakh prose the horse is the only animal directly connected with the life of Kazakh nation and is often an active protagonist of the story. Starting from the samples of folk oral literature, there are many works of fiction about the horse in the national literature. It is impossible cover them all in one article. In the works as «Kulager» by I. Zhansugurova, «Boshaidyn ush karasy» by G. Musrepov, «Kosh bol, Gulsary» by Sh. Aitmatov, «Baige tory» by A. Kekilbay, «Tulpardyn tagdyry», «Kosh bol, Absent» and «Akboz at» by T. Alimkulov, «Saygulikter» by K. Zhumadilov, «Zhylykynyn koz zhasy» by N. Oraz, «Aigyrgisi» by N. Dautai, «Tulpardyn dubiri» by Zh. Kairanbay, «At seyis» by M. Mazhitov, «Atatory» by Samat Ibrahim, etc., the reality of life is portrayed through thoughts, feelings, emotions, reflections about the horse, and the fates of man and horse are intertwined. Consequently, we can conclude that in Kazakh prose the theme of horse is thoroughly studied and described. But the information on the topic in the framework of scientific research is incomplete. For example, book «Tulpardyn dubiri (Clatter of tulpar)» by Zhumabai Kairanbay also mentions this animal. Kurenjorga, who never relents of finding his way back to his homeland even though he is being sold and his fate in various peoples' hand, is a significant image that will remain in the reader's memory. This book, written in a way that captivates readers, would expose the topic to big audience. Samat Ibrahim's short story «The Atatory» is also dedicated to the horses and showing their noble qualities. There, yearning for Kuttygai batyr, who fell into the hands of enemies during the war, and his native land, his horse runs away and dies. Nurgali Oraz in his

work «Zhylykynyn koz zhasy (Tears of the horse)» artistically described the consequences of environmental disaster, as well as the last throes of this animal, which makes the reader's heart tremble and will reveal the nature of the horse from a different angle. As the horse is honored in the life of nomadic peoples, so this theme does not lose its relevance in national literature, intertwining the fates of man and nature.

Acknowledgments: The article was published under the grant of the project № AR14872341 «The role of the horse in the life of Kazakh nomads and its artistic representation in the national literature» provided by the Committee of Science of the Ministry of Science and Education of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: ecological disaster, fate of horse and man, tears of the horse, modern Kazakh stories, clatter of tulpar, national literature, national cognition and reasoning.

1. Кіріспе

Көшпелілердің әлемдік өркениет алдындағы сіңірген өшпес ерлігі ретінде жылқы малын басты көлік ретінде қолдануын айтуға болады. Зерттеуші, археолог К. Ақышев жылқыны үйретуге жоғары баға берген. Ғалым А. Тойнби: «Өсімдік жинап, өсіріп, қорек етуге қарағанда, аңдарды қолға үйретіп асырау биігірек өнер; ақыл-ой, ерік-күшті қажет ететіндіктен бақташылар диқандарға қарағанда батыл деп санаған. Сонымен бірге көлемді аумақты бағындырып, қатаң табиғи жағдайда өмір сүре алуы, көшпелілердің сұңғыла, ұстамды, төзімді болуы ат үстіндегі өмір салтына, яғни жылқыны қолға үйретуінің нәтижесі» (Тоунбее, 1954) деп таниды. Ел басқарған көсемнің тұлпарын құрбандыққа шалып, бірге жерлеудің өзі – көшпелілер өмірінде жылқының рөлі қаншалықты маңызды екендігінің айғағы.

Жүйрік аттар турасында халық ауыз үлгілерінен бастап, І. Жансүгіровтың «Құлагер», Ғ. Мүсіреповтің «Бошайдың үш қарасы», Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», Ә. Кекілбайдың «Бәйгеторы», Т. Әлімқұловтың «Тұлпардың тағдыры», «Қош бол, Абсент», «Ақбоз ат», Н. Ораздың «Жылқының көз жасы», Н. Дәутайдың «Айғыркісі» т.б шығармалары алдыңғы орынға шығады. Бұл шығармаларда жылқының ойы, сезімі, түйгені, топшылауы арқылы өмір шындығы бейнеленіп, адам тағдыры мен ат тағдыры қатар өріледі.

Қырғыз қаламгері Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары» повесінде тұлпар мен адам тағдыры анималистік шешіммен жазушы ойы тұжырымдалады. Анималистика (латын тілінен аударғанда, anima - жануар) негізгі объектісі жан-жануар болып табылатын көркемөнер жанры (Әдебиеттану терминдер сөздігі, 1996).

Ш. Айтматов әңгімесінде ат тағдыры мен адам тағдыры біте қайнасқан, таңтамаша тарихы шертіледі. Әңгімеде Танабай мен Сүгірді көрсетуді емес, ат тағдырын суреттеудегі жазушының палитрасын, суреткерлік шеберлігін айқындау болатын.

«Қазақ қаламгерлері ішінде тұлпарлар тағдырын кең ауқымда, тартымды көрсете білген жазушы – Т.Әлімқұлов. Ел қорғаны – ердің сенімді серігі, ер қанаты болып бағаланған «желден жүйрік», «адам есті» жануар ретінде ардақталған тұлпарлар тағдыры оның күй өнерімен бірге толғандырған десек те артық болмас. Туған халқының дәстүрлі күй өнері, мәдениеті қандай ардақты болса, жазушы үшін тұлпарлар тағдыры да соншалықты маңызды» (Әбдезұлы, 2006: 154-156).

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

Мақалада қазіргі қазақ әңгімелеріндегі жылқы бейнесінің берілуі жан-жақты қарастырылды. Жылқының адамша ойлауы, түйсінуі, қатты мұңға батуы адам

жанымен тағдырлас екенін білдіреді. Туған жерін қимай сонау алыс-алыс өлкелерден өз отанына оралуы, өз тобына басқа айғырларды жібермей ата тек тазалығын сақтаудағы жануарлар әрекеті, адам баласына адал қызмет атқарып, өмірінің соңында қимастық сезіммен қоштасуы образдылықпен көркем бейнемен берілген. Оған бүгінгі прозаиктеріміздің еңбектерін салыстыра отырып көз жеткіздік. Н. Дәутайдың «Айғыркісі», Жұмабай Қайранбайдың «Тұлпардың дүбірі», Самат Ибраимның «Ататоры», Н. Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімелері қазақ әдебиетіндегі бұған дейінгі жазылған шығармалар аясында салыстырмалы түрде қарастырылды.

2.1 Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі объектісі ретінде талай ғасырлар бойында жылқы жануарының көркем әдебиеттегі образын интерпретациялануын жүйелеу болып табылады. Мақаланың гипотезасы қазақ сөз өнерінде жылқы бейнесінің адам тағдырымен сабақтастығын көрсету болып табылады. Зерттеу кезеңдерінде халық ауыз әдебиетіндегі тұлпарлар тағдыры, әлемдік әдебиеттегі экология тақырыбы еске алынып, оның адамзат баласына кері әсерлері баяндалып салыстыра талдау арқылы жылқы образдарын талдаудан тұратындығы. Зерттеу материалдары ретінде І. Жансүгіровтың «Құлагері», Ғ. Мүсіреповтің «Бошайдың үш қарасы», Ш. Айтматовтың «Қош бол, Гүлсары», Ә. Кекілбайдың «Бәйге торы», Т. Әлімқұловтың «Тұлпардың тағдыры», «Қош бол, Абсент», «Ақбоз ат», Қ. Жұмаділовтың «Сәйгүліктер» т.б шығармалар алынды. Жазушыларымыз ұлттық ойлау мен пайымдаудың өзіндік ерекшелігін басты назарда ұстаған. Зерттеу нәтижелері толыққанды талқылау бөлімінде айтылады.

2.2 Материалға сипаттама

Тұлпарды танып, оны ұстай білу, оны баптап, бағын жандыру халықтың дәстүрлі кәсібен сабақтас дәстүрлі мәдениетінің бір арнасы. Тұлпар бабын баптап, оны бәйгеге не жаугершілік заманда жолға қосуда халықтың қаншама ғасырлық тәжірибесі, ақыл-ойының жетістігі, дәстүрі мен салты бар. Оны фольклорлық шығармалардағы ат таңдау мотивінен білеміз. Қазақтар батырлар жырында батырлар дүниеге келгенде, оның мінетін тұлпары қоса туылады, яғни, мифтік қаһарман бірге туылады деп оның бабына да зор мән берген. Батырмен бірге оның барлық тыныс-тіршілігі бірге өріледі.

Көркем шығармаларда, әсіресе, батырлар жырында ат таңдау мотиві баршылық. Бұл мотив қазақ батырлық жырларының ажырамас бөлігі. Өйткені біздің ата-бабаларымыз жылқыны ерекше құрметтеген, текті жылқыларды алыстан, тұрған тұрысынан-ақ тани білген. Жылқының қазы мен қартасын жеп, қымызын ерекше бағалап, дәрумен ретінде қолданған. Өмірінің серігі еткен. Аткалтір, Тайлақ, Құлыншақ, Жиренше т.б аттарды ер балаларына қойған. Ешбір батырлық жыры ат таңдау мотивінсіз жүрмейді. Жылқылардың жасаған іс-әрекеттерінің өзін батырдың өмір мен өлім мәселесі шешілетін, маңызды жағдайлармен байланыстырып қойған». Аттарына ерекше пейілмен қарап, күтім жасаған. Қобыландының Тайбурылының қырық үш күндік кемдігі зор қырсыққа ұшыратынын да білеміз. Қобыланды жырында батыр бейнесін толықтыратын тұлпар-Тайбурыл. Атка адам мінезін береді. Батырлар жырындағы Байшұбар, Тарлан, Қамбар батыр мінетін Қара қасқа ат фольклорлық образдар болып табылады. Жырда Тайбурыл аттың тууына, ер жетуіне, тәрбиесіне

балаша қараған Құртқа. Әйел болса да батырдың көлігін дайындау барысында зор жауапкершілік танытады. Жырда Көбіктінің Тарлан атына кемдігі үшін қуып жете алмайды, қалып қояды. Тайбурыл Қобыландымен адаммен сөйлеседі. Ол елдің, батырдың қамын жейді. Қобыландыны қияттар тастап кеткенде қыпшақ елінің жайын да күні бұрын Тайбурыл сезеді. Ол аяқтан қалады. Бұл батыр үшін жанына салған жараны білдіреді. «Қанатты тұлпарлардың көріпкелдік қасиеті бар, қауіп-қатерді, жамандықты алдын ала болжайды. «Жоғарғы дүние өкілі ретінде қанатты тұлпарлар адамға жақсылық жасайды, батырларға ақылшы, көмекші болады, оларды түрлі өнерге үйретіп, түрлі қауіптен құтқарады. Мысалы «Ер Төстік» ертегісі дәлеле болады. Тайбурылдың шабысына да ерекше мән берілген. «Көшпелі елдер үшін жылқы малы өзгеше қасиетке ие болған. Тайбурыл соның бейнесі» (Қоңыратбаев, 270). Мысалы, «Алпамыс» жырында да батыр бейнесін толықтыратын аты – Байшұбар. Ат таңдау мотиві былай болған: Алпамыс тобыр жылқының арасынан қотырын таңдап алады. Алпамыс жүрегімен сезген болу керек, ол мінгесе салысымен әлгі жылқы жайнап қоя берді. Таңдауына еш өкінбейді. Жырда Байшұбар атты ақылды, қасиетті етіп көрсетеді. Алдынан мыстан кемпір шығып, атына мінгестіруін сұрағанда Байшұбар оны теуіп жібереді. Іші бір жамандықты сезгендей. Иесі зынданға түскенде де ол жауға берілмейді. Жау мен досты сезе білген, батыр үшін не іске де дайын Байшұбар елге келгенде, жылқылар оны иіскелеп, соңынан қалмайды. Байшұбар аруақты адамдай бәрін сезеді. Бұл жырда тотемдік ұғым-түсініктердің сарыны білінеді.

3. Талқылау

Қазіргі әңгімелердің ішінде жануар мен адам тағдырын терең, жан-жақты ашып бейнелеудің көркемдік әдіс-тәсілдерін берудегі шеберлікті Т. Әлімқұловтың «Телқоңыр», Ә. Кекілбайдың «Бәйгеторы», Д. Нестайдың «Айғыр кісі», Н. Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесін сөз ете отырып айқындаймыз. Т. Әлімқұловтың «Телқоңыр» әңгімесінде атақты күйші Сүгірдің басынан өткен хал арқылы баян етіледі. «Телқоңыр» күйінің тарихы аяқ астынан туып, тартымды сөз етіледі. Кішкене оқиға ширығып, терең философиялық ойларға жетелейді. Қызыл құлын күтпеген жерден сойылып кетеді. Жылқы айдайтын бала далаға қашқанына қарамай ұрғылап әкеп, енесінен ажыратып, отбасына әкеле жатады. Құлын дауысы даланы жаңғыртады. «Үш қырқаның астынан анасының дауысы есітіліп жатады. Қызғылтым түрі терге шомылып, қылшығы жапырылып, арттағы сағыныштан, алдағы қорқыныштан шошынып, басы айналады. Қуғыннан өкпесі күйіп, тәлтірек қақты» (Әлімқұлов, 1992: 165). Міне, осылайша құлын трагедиясы суретке, бейнеге айналды. Қызыл құлынның бір сәттік намыс үшін, яғни қазақтың сүйекке біткен қасиеті-қолындағы барын қонағына сыйлау, қонақжайлылығы кесірінен пышаққа ілінуі Сүгірдің білместігінен болады. Әкесі де хабарды ести сала ұшып жетеді. Бәрі де кеш болатын. Асылған құлынның еті іріп кетеді. Бұл жерде қазақтың ырымы бойынша, сойылатын құлын енесімен бірге айдалып келіп, сойысқа шалынатындығы әке аузынан естіледі. Енесі қаққан қазықтай ешнәрсеге иімейді. Күндіз-түні төлін іздеген биенің зары сай сүйегінді сырқыратады. Сүгір сол сәтте өзінің баласынан айырылған сәтті, зар жылаған ана дауысын естиді. Адам баласының басты қасиеті де осында болатын. Сүгір соны жан тәнімен сезініп, көк биені күйімен иідіреді.

Қаламгердің суреткерлік шеберлігі де осы тұста байқалады. «Телқоңыр» атанған күй тарихы ақыл иесі-адам түгілі, есті жануар жылқының да жүрегін елжіретіп, аналық мейірімін оятқандығы терең әсер қалдырады.

Ал Н. Ораздың «Жылқының көз жасында» әбден азып-тозған өлкені «Жын жайлаған меңіреу өлке» деген тіркес арқылы береді. Әңгіме басталар алдында Абат қарт күбірлеп түс көріп жатады. Шап сайын есейіп, жасына жас қосып, құлыннан тайға, тайдан құнанға, құнаннан дөненге, дөненнен бестіге айналаған аты ұстатар емес. Сонымен бірге анау жатқан асу да тез арада жылыстап барады. «Қайран жануар-ай, жануар-ай» - дей береді ыңырсыған қарт түс көріп жатып оянып кетеді. Осылайша көрер танды көзімен атқарып, қиналып жатқан қартты кездестіреміз. – Өне, өне, қап-қара жалын жел тарап, құйрықты жұлдыздай ағып жетті-ау дегенде кенет әлгі асудың үсті батар күннің қан қызыл шапағына боялып...жоқ, қып-қызыл өртке оранып, құлын дауысы құраққа ұша кісінеген қасқа биені жұтып-ақ жібергені. Әңгімеде Абат қарттың түсіндегі көргенін қайдан көргені есіне түсіре алмай жатады. Жүрегі қатты ауырып тұрады. Түсі болған соң, елең қылмайды. Бірақ қарт сол күні қасқа биенің жанына келіп, арқасынан сипайды. Бір уыс дән беріп еді оны жемеді. Иесіне мұңын шашқандай мең-зең қалыпта қарап тұрады. Осы жерде халық нақылы да орынды қолданыс тапқан. «Ие, жануарым. Тумақ бар да, өлмек бар. Бұ жалғанда құтылған, оған араша болатын адамда дәрмен жоқ. Мені де бір күні алып кетеді деп тұрған Абатты көреміз. Сонан соң бақи дүние алдында қоштасып алайықшы деп қасқа биені құшақтап, жалына бетін қояды. Есті жануар ол да иесін иіскеп, қоштасқандай болады» (Нұрғали, 2012: 94). Тура адам тірлігі.

Жылқының қасиетінің өзі де осы шығар. Қасқа биенің жанарындағы бір жылт еткен сәуле үміт сәулесі тәрізді, ыстық ықыластың белгісіндей болады. Адам жүрегін еріксіз өзіне бұрады. Бұдан кейін кездеспейтіндіктерін сезіп тұрғандай. Қасқа биенің көзінен жас сорғалап тұрады. Абат қарт не істерін білмейді. Бар болғаны саған не болды? Саған зәбір көрсетпеген едік қой, деп уһлеп ахылап қалады. «Қасқа бие қалт-құлт етіп, тізесін бүгіп, жатуға ыңғайланады. Ол тақтайға денесін жайластыра бергенде үлкен кісілерше «уһ» дейді. Абат қарт түскі шай-тамағын ішіп, қораға кіргенде қасқа биенің көзінен аққан жасты көреді. Не істерін білмей қалады. «Жануарым-ау, саған не болды?. Дауысы құмығып кетеді. Саған жәбір көрсеткен жеріміз жоқ еді ғой...» (Нұрғали, 2012: 95). Абаттың сөзі арқылы өз жылқысына деген қимастығын, жан азабын сеземіз. Ол өткен күндерді еске алады. Абат қарт жылқының үстін жауып, қымтап қояды. Автор да осы бір сәтті ұтқыр суреткерлікпен берген. «Қоңыр күздің осы бір сығырайған кемпіршуағы қасқа биені жылыта алмай, үп еткен лептің бәрі шаншу болып қадалып жатқандай көрінеді...» (Нұрғали, 2012:95). Әңгімеде небары екі-ақ кейіпкер. Біреуі Абат қарттың құрдасы. Құрдасы келіп, өлгелі жатқан жылқыны союды қамдастырып, пышақ іздейді. Қалтасынан пышағын алып, мына атың кетіп бара жатыр ғой. Бауыздайық та дейді. Абат басын шайқап, керегі жоқ, - дейді. Арам өледі деген сөзіне де басын изейді. Күн бата қасқа биенің көзін жұмылды. Ол күрең атты арбаға жекті. Немерелерін шақырып қасқа биені арбаға салды. Сары белге қарай тартты. Ойына бәрі түсіп, қиналып келеді. Күрең атқа сөйлеп келеді. Бұл сенің перзенттік парызың. Өткен күрең атта тіл жоқ. Ол өзінің де қасқа биеге өмір бойы қарыздар екенін есіне түсірді. Сонау жылдары

қырыққа енді шыққан кезі болатын. Абат жарылыстан соң, төсек тартып жатады. Бәрі де әлгі жынның ылаңы болатын. Сол пәле жер бетіне шыққанда бір кесел адам жанын ойран қылушы еді. Емі тек арақ ішу деп айтатын. «Жынның дертінен жынды су құтқарады» деп еді бір сәуегей. Абат ол судан ішпеді. Сол жылы жазда қасқа биесі құлындайды. Сүп-сұлу құлын туады. Сол құлынмен жарысып, қасқа биенің бір емшегін Абат та емеді. «Әруағыңнан айналайын, қасқа бие-ау, әуелі Құдайдың, сонан соң сенің арқанда сауығып, аман қалдым ғой», - деп кеудесін шер толқытып, көзі жасаурайды. Қасқа биенің арқасында бір үйлі жан аман қалады. Абат қарттың үйінде қымыз үзілмейтін. Келіні аяғы ауырласа да қымыз ішетін. «Иә, иә! Шетінен жүйрік, алғыр болды құлындарым. Бәрі ел таныған азамат болды. Тәуба, тәуба» (Нұрғали, 2012: 98). Абат қарт монологы арқылы қазақ жерінің азып-тозғанын, қасиетті жылқы малының оның өмірінде зор роль атқарғанын сезінеміз. Келе жатып қасқа құлынды не істеуге болады деген ой мазалайды. «Адам баласы үш күннен соң көрге де үйренеді» деген қағида оралады. Ал «жылқы ше?». Жылқыда зират, көр болушы ма еді? Осылайша сары белдің биігіне де келіп қалады. Жануардың тәнін сол жерге жерлейді. Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесі де жын жайлаған өлкенің трагедиялы халін суреттеуге арналады (Карбозов, Шегебаев, Қырғызбаева, 2022: 225).

Филология ғылымдарының докторы, профессор Г. Пірәлиева өзінің «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем) монографиясында: «Түс көру тәсілі – психологиялық бейнелеудің бір түрі. Бұл тәсіл біздің әдебиетімізде кейіпкердің ішкі өмірін беруде жиі қолданылатын әрі берік дәстүрге енген көркемдік компонент. Әдеби түс көру көрінісінің де өзіндік түп-тамыры, табиғаты, фантастикалық, мифологиялық құрылымы бар. Түс көруді талдау техникасына сүйенер болсақ, адамзаттың ақыл-есі есте сақтау қабілетінен құралатындықтан ой-сананың тарихы бейне бір тарих қойнауы секілді. Адамның өткен өмірі, осы шағы және келешек жөніндегі арман қиялы да осы түс көруден құралады. Ал кейіпкердің түс көру эпизоды көбінесе өткен өмірді еске салумен немесе соларды санада басқалай саралап, сүзгіден өткізу арқылы айқындалады» (Пірәлиева, 2003). Автор түс көргізу арқылы болашақ болар оқиғаның алдын-ала немен басталып, қалай аяқтайтынын біліп алғандай.

Абаттың түсі арқылы жазушы оның басынан өткізген зауалды, елдің қасіретін, оның туу себептерін ашу үшін қолданған. Қасқа биеге деген күрең аттың перзенттік парызын да күні бұрын біледі. «Мынау күрең ат-қасқа биенің төртінші құлынынан туған қасқа байталдың тұңғышы ғой. Біздіңше, айтқанда, қасқа биенің жиеншары. Бүгін ол өзінің нағашы әжесін ақтық сапарға шығарып бара жатыр...» (Нұрғали, 2012:97). Негізінен оқиға сюжеті Абаттың сонау бір қырықтың қырқасына да шықпаған кезінде аяқ астынан төсек тартып жатып қалған кезінен өрбиді. Психологизм жақсылық пен жамандық арасындағы бітіспес күрестің түп тамырына үңілу, бүгін мен болашақты кешегі күн көзімен бағамдау мақсатында көрінеді. Жоғары саналы, сезімтал кейіпкерлер қалай болғанда да бүгінгі күнмен, тіршілікпен үйлесім таппай жатады.

«Бәрі әлгі жынның ылаңы ғой. Сол пәле жер бетіне шыққалы бері осындай бір оқыс кесел оңды-солды ойран салды ғой. Апыр-ау сонда деймін де, Абатты мезгілсіз

келген ажал да, қақ ортасынан үзілер қайран өмір де шошыта алмады. Ол тек соңымда қалып бара жатқан үрім-бұтағым не болмақ деп қамықты ғой. Олар мынау Жын жайлаған меңіреу өлкеде оңы мен солын танып үлгермей жатып жетім қалса... жылап қалса, Абаттың аруағы ана дүниеде қайтіп жай тауып, қалай тыныш таппақ... Жынның дертінен жынды су ғана құтқара алады деді-ау бір сәуегей сонда. Бірақ ауру түгілі, сау адамның өзін ақыл-есінен айрып, айуанға айналдырып жіберетін жынды суды ішкенде сол жынның құлақкесті құлына айналмаушы ма еді. Тек өзі ғана емес, үрім-бұтағы, зәу-затымен сол жынға табынып кетуші еді ғой. Жок, Абат оны аузына алмақ емес. Жынды суды ішіп, жан сақтаймыз деген ауылдастары сайқымазақ болып кеткенін Абат біледі». Кейіпкердің қиын тағдырын жазушы ішкі монолог, толғаныс т.б. секілді әдеби тәсілдерге жүгіндіреді. Суреткер бүкіл адами проблемаларды, бір кезендік қазақ өмірін, ондағы жаңа тіршілік-тынысты, сыртқы реалдық өмір шындығын сана күресі, ой арпалысы, көзқарас қақтығысы арқылы бейнелейді. Сөйтіп, жазушы Абат қартты үлкен психологиялық образ дәрежесіне жеткізеді. Сол жазылмас дерттен Абат жігіт кезінде қасқа биенің сүті арқылы тәуір болады. «Сол жылы жазда Құдай жарылқап қасқа бие құлындады емес пе. Әй, бір сүйкімді, әй, бір сұлу құлын туды ғой. Иә, сол бір сүп-сүйкімді қызыл құлынмен жарысып қасқа биенің бір емшегін Абат та емді. Сүттей ішті, саумал күйінде ішті, қымыз қып сапырып ішті. «Айналайын аруағыңнан қасқа бие-ай, әуелі құдайдың, содан соң сенің арқанда сауығып, аман қалдым ғой. Бәлкім шиттей бала шағамның көз жасын ескерген шығар, жас еді, жалғыз еді деп есіркеген болар. Әйтпесе көздеп мені тура келген ажал еді ғой ол...». Абаттың үйінен бір сәт те қымыз үзілген емес. Соңынан ерген ұл-қыздарының барлығы Жынның дертінен аман, ақыл-есі бүтін, ойы да, бойы да биік, келісті, келбетгі азаматтар болып өсіп, жетіліп жатты». Кім-кімнің болса да ойына қасиетті жылқы малының сүтін ішкен ұрпақтың ойы жүйрік, алғыр азамат болатынына осы оқиға ой саларлықтай. Бүгінде бие сүтінің ем болмайтын дауасы жоқ.

«Сол қасқа бие әл үстінде өлгелі жатыр. Көршісі келіп, малды бауыздау керектігін айтады. Абат қатты шошып кетті. Қол бармайтын іс. Не істеу керек?! Қасқа биені арулап көму керек. Бірақ жылқыда зират бола ма? Бір болса Құлагерде болар, Айтұмарда болар. Иә, санаулы ғана сәйгүлікте бар. Енді, міне қасқа биеде болмақ... Қасқа биенің құлыны күрең атқа оның өлігін тиіп сары бел жаққа бет бұрды. Күрең атты анасы қасқа биені жер қойнына беру сәтінде көзінен жерге жас тамшылап тұрды» (Нұрғали, 2012). С.Жүнісовтің «Ақан сері» романында Құлагер шабысына, адамға тән ақылдылығы ерекше сипатталады. Ұлттың рухани жан дүниесін тереңірек білу де осы романда көрсетілген. Кейіпкер сөзі – характер ашудың төте жолы. С.Жүнісов осыны терең меңгерген (Жүнісов, 2013).

Құлынның жоқ болуы – төніп келе жатқан қауіп. Адам қолымен жасалып отырған экологиялық апаттар еді. Тек адамзат атаулыға ғана емес, күллі қоршаған ортаға тигізген зауалы жылқының көз жасы арқылы беріліп отыр. Жылқының көзінен неге жас тамып тұр? Адам қолынан келмеген нәрсені жануардың көз жасы арқылы жеткізіп тұр. Жазушының осы әңгіме арқылы негізгі айтпақ ойы-жатырда жатқан ананың баласы таза нәрселермен қоректену керек, сонда ғана ақыл ойы таза ұрпақ дүниеге келеді. Абат қарттың жылқыны өсірудегі мақсаты – түркілік ата-бабаларымыздың қымыз сүтінің маңыздылығын, жылқының тектілігін сақтау еді.

Адамды да, аңдарды да алапат құшағына алған табиғат симфониясында қаһармандық пен трагедиялық әуен басым. Екі аяқтылардың қанқұйлы әрекеттерінен қаншама өмір үзілді, қаншама кемтар ұрпақ азап шегуде. Бірақ сәл де болса сол бір жазылмас қасіреттің дауасын халық өзінің төрт түлігінің сүтімен емделу арқылы табады.

4. Нәтижелер

Абат қарт өз қолымен төмпешіктің – қасқа бие қабірінің басында ұзақ кідірді. Қасқа биенің үстіндегі шөп-шаламды, топырақты қағып келгенде көргені күрең ат жылап тұр екен. Жануар сөйлеуге тілі жоқ, екі көзінен парлап жас ағады. У сіңген аймаққа қасқа бие де жерленді. Оны өлер алдында союға Абат қарсы болады. Жылқының қасиеті оның сыртқы тұрпатында емес, жүрегінде болатын. Жылқының қасиеті жүрегінде бола, қазақтың қасиеті де сол жүрегіне қоныстанған мейірімде екенін Абат қарт көрсетті. Жылқы мен қазақ бұл әңгімеде бір символға арналған. Қазақ идеясын автор қасқа биені жерлеу, зиратына көму арқылы айшықтайды.

Әдебиеттің ұлттық сыр-сипатын, өзіндік өзгешелігі мен ерекшелігін танып, таразылауда ұлттық мінез мәселесін айтамыз. Н. Дәутайұлының «Айғыр кіс» атты көлемді әңгімесінде ұлттық идеяның қазығын алтын қазығын айналсоқтап, қазақтың жаратылысын да даралайды. «...«Айғыркісі» автордың өз олжасы. Қазақты сүйіп жазуымен де дараланып тұр. Ұлттық рухы да сонда». Автор Жалғастың атын мола басына барып, аза тұттыру арқылы қазақтың жылқы малының ерекшелігін адаммен байланыстыра қарайды. Шын мәнінде «кісікіік» деген қазақтар арасында жиі айтылады. Адамдардан өзін алшақтау ұстайтын, ешкімге жолай қоймайтын томағай тұйық жүретін адамды айтады. «Айғыркісі» құлаққа бөтендеу, тосын естіледі. Жылқы культі бұл әңгіменің бүкіл болмысын ерекше қалыпқа түсіреді.

Жаяу қазақ – жартылай қазақ, қазақтығын жоғалтуға аз қалғанын білдіреді. Аттың үстінде келе жатқан қазақты елестетіңізші. Бар дүниесі түгел, бостаншыл, азат қазақ. Автордың бұл әңгімесінің ұлттық өзегі бір әулеттің өмір сүру тіршілігі арқылы ашылған. Шығарма кейіпкері Есқұл шал бұрынғыша өмір сүреді, құлынды бие ұстайды, қымыз ішеді. Жаз жайлауы дайын. Малың өрбітіп, айналасы кең жазықты мекен етеді. Кеңдікке құштарлықтың өзі – қазақы философия. Есқұл шал түнді далада түнеуді ұнатады. Оның дүниеге көзқарасы: «Кұдай пенделерінің кез-келгеніне, кеудесінде осындай төбесінде жарық сәулесі қалың қойнау болса ғой, шіркін, дейді». Кез-келгеніне қалың қойнаулы жарық сәуле берсе,-деп тілейді. Бұл оның дүниеге көзқарасы, танымы. Бұлди – бұл әңгімедегі зұлымдық иесі, Есқұлдың бұл арманын күлкі, мазақ етеді. Бұлдиға ақша болса болғаны. Айлы, жұлдызды түнді қайтпек. Осы Бұлди жалғыз ұлының аты «Айғыркісіні» қырғыздарға сатып жібереді.

Әңгіме былай басталады:

«... Айғыркісі» жылқының аты. Жалғас жабағы тай кезінен баптаққа батып жатқан жерінен тауып алады. Жалғас 13-14-тер шамасындағы бала болатын. Осы тайға ынтасы әбден ауады. «Тек төбесі ерекше екен. Дөңгелек емес, жаңа туған ай секілді. Есқұл таң тамаша қалады» (Дәутайұлы, 2008: 240). Жазушының айтпақ ойы не еді? «Жылқының сыртқы қасиетінде емес, жүрегінде. Анау кеудеде алапат шабысқа лайық алып жүрек соғып тұрмасына кім кепіл» деп жауап береді Есқұл (Дәутайұлы, 2008: 241). Бұлди бұл сөзге назар да алмайды. Есіл-дерті тек ақша.

Профессор Г. Балтабаева: «Жылқы мен қазақ бұл әңгімеде – синонимі бір символға айналған. Атын іздеп бара жатып қаза болатын Жалғас – ұлттық идеяны жүрегінде сақтаушы, халықтың өз ұлы болып кейіптелуі де заңды. Жалғас әкесіне мүлде ұқсағысы, ол ұстанған алыпсатарлық жолдан аулақ болғанды ұнатады (Балтабаева, 2016).

Қазақтың ұлттық санасындағы ойды бір шалдың аузымен айттырады: «Құдайдың құдіреті мына айғырың да кісі екен ғой. Содан жылқы «Айғыркісі» атанады. Әйелдің қиналысын жылқының арындаған ащы дауысымен шешеді. Айғыркісінің бейнесін ашуда жазушы бір гиперболаға жол береді. Жалғас құлап мертігіп жатқанда, бар үйірін әкеп, иесінің тілеуін сұрайды. «О, Құдайдың құдіреті жиырма шақты бие құлындарын тастап кетіпті. Түнімен иесінің амандығын сұраған олар құлындарын құрбан етті (Дәутайұлы, 2008: 245). Бұл әрине сендірмейді. Жылқыны кісі, адам қылуды автор мақсұт еткен. Адамның құрбандық қасиеті жылқыға ауған ба? Адамдағы кісілік айғырға қалай көшеді? Адамы көп, киелісі аз кез бе, бұлардың өмір сүріп жүрген ғұмыр-дәуірі» Бұл риторикалық сұрау – автор толғанысы. Айғырды кісіге балау әңгімеде жиі ұшырасқан. «Үркектемейді, секектемейді. Жүріс, тұрысы кербез, бекзада кейіп. Сірә, текті». «Айғыркісі» әңгіме соңында Жалғастың моласына келіп өледі. Кенет құлағында дауыс келеді. Өмірлерің осылай өте берсе, Жалғастан, «Айғыркісіден» ғана емес, бүкіл өздеріңнен айырыласыңдар түбі.

– Жақсы үміт-арманның иесі мен киесін сақтай алмаған жұрттың көретіні – ақырзаман!» (Дәутайұлы, 2008: 245). Ол жылы көктемде елдің еккен егіні түгелдей өліп қалды. Қуаңшылық болды. Шындығында, ақырзаманның елесі кезіп жүргендей болып еді. Бұл жазушының жан дауысы. Киесін сақтай алмау – зор қайғы. Авторлық концепция да осы.

5. Қорытынды

Қазақ халқының ғасырлар бойы бірден-бір тіршілік тірегі болып келген малдың, оның ішінде жылқы малының ел тағдырында алатын орны бөлек. Сөз өнерінде өзінің жан серігі болған жылқының шығарма өзегіне айналдыруы жазушының да биіктігі. Жылқы асау мінездің, өр көңілдің, еркінді аңсаған ел баласының бейнесі іспеттес. 60-жылдары қазақтың жоғалып бара жатқан еркіндігі мен тәуелсіздігін, салт-дәстүрін жылқының жанарынан сезген, білген ақын-жазушыларымыз егемендік алған күннен бастап көңілдеріне сәуле құйыла бастады. А.Сүлейменов жырлағандай «Мен жылқыдан жаралғанмын деп айғайлады. Бұл үн – бостандық сүйгіш ұлдың үні болатын. Өмірін жылқымен теңдестірді. Егемендік алғаннан бері қазақ прозасында тақырыптық ауқымы кең, айтар ойы бөлек жылқы жайлы, оның табиғатын, ішкі иірімдерін, психикасын адам өмірімен қоса қарастырған жазушыларымыздың көптеген туындылары жазылды. Бұл тұрғыдан қарағанда қазақ прозасы ұлттық бірегейлік пен мәдени көрініс туралы дискурсқа өз үлесін қоса білді. Көрнекті ғалым Дорредің «Жылқылар мен корсеттер» мақаласында баяндалғандай жылқының әдемілік пен ауыр еңбектің символы ретінде суреттейтін ағылшындық прозаға қарағанда (Дорре, 2002), қазақ қаламгерлері ұлы далалық өркениетке қосқан үлесін жылқы жануарының әдебиеттегі көрініс, жеті қазынаның бірі ретінде қазақтың дүниетанымы, ұлттық болмыс, этнографиясынан байланыстыра білуінде болды. Оның мәні мен мазмұнын суреткерлік шеберлікпен, өзіндік стильмен өрнектей

білген жазушыларымыздың еңбектеріне тоқталып өттік. Әрбір шығарма арқауына өмірлік шындық алынып, оның себеп-салдарын ашуды көздеген. Сонымен бірге қаламгердің өткір әлеуметтік мәселелерді көтере отырып, одан философиялық ой түйе білгендігінде. Кейіпкер тағдыры мен жылқы тағдырын сабақтастыра білгендігінде. Ұлттық ойлау мен пайымдаудың өзіндік ерекшелігін жазушыларымыз басты назарда ұстаған.

Әдебиеттер:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (құрастырушылар: З.Ахметов., Т.Шаңбаев). – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 бет.
2. Әбдезұлы Қ. Т.Әлімқұлов және қазақ прозасы. – Алматы: Арыс. – 2006. – 174 б.
3. Әлімқұлов Т. Телқоңыр. Таңдамалы әңгімелер. – Алматы: Раритет. 2003. – 192 б.
4. Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі. – Алматы: Дәстүр, 2016. – 285 б.
5. Дәутайұлы Н. Айғыркісі. Екі томдық таңдамалы шығармалары. Т.1. – Алматы: AnArys. 2008. – 272 б.
6. Dorré, G.M. (2002) Horses and Corsets: Black Beauty, Dress Reform, and the Fashioning of the Victorian Woman. *Victorian Literature and Culture*, 30(1). pp. 157-178. DOI: <https://doi.org/10.1017/S1060150302301086>
7. Жүнісов С. Ақан сері. Роман. Шығармалары. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013. – 320 бет.
8. Карбозов Е.К., Шегебаев А.М., Қырғызбаева. А.Д. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі сакральдылық ұғым-түсініктердің көркемдік қызметі // «Keruen» ғылыми журналы 76(3) 2022. – 216-231 бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-19>
9. Қоңыратбаев Ә. Фольклортану мәселелері. Т.1. – Алматы: МерСал, 2004. – 270 б.
10. Нұрғали О. Жылқының көз жасы. – Алматы: Қайнар, 2012. – 310 б.
11. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
12. Toynbee, A. J. (1954). *A Study of History: Volume III*. Oxford University Press.

References:

1. Abdezuli K. (2006). T. Alimkulov and Kazakh prose. – Almaty: Arys. – 174 p. (in Kaz)
2. Alimkulov T (2003). Telkonur. Selected stories. – Almaty: Raritet. – 192 p. (in Kaz)
3. Baltabaeva G. (2016). Artistic world of Kazakh prose at the time of independence. – Almaty: Dastur. – 285 p. (in Kaz)
4. Dautayuly N. (2008). Aigyr kisi. Selected works in two volumes. T.1. – Almaty: AnArys. – 272 p. (in Kaz)
5. Dorré, G. M. (2002). Horses and Corsets: Black Beauty, Dress Reform, and the Fashioning of the Victorian Woman. *Victorian Literature and Culture*, 30 (1). pp. 157-178. DOI: <https://doi.org/10.1017/S1060150302301086> (in Eng)
6. Karbozov Y.K., Shegebayev A.M., Kyrgyzbayeva A.D. (2022). The artistic function of the concepts of sacredness in modern Kazakh stories. *The Scientific Journal «Keruen» 76 (3)*. pp. 216-231. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-19> (in Kaz.)
7. Konyratbaev A. (2004). Problems of folklore studies. T.1. – Almaty: MerSal. – 270 p. (in Kaz)
8. Literary studies. Dictionary of terms (1996). (compiled by: Z. Akhmetov, T. Shanbaev). – Almaty: Ana tili. – 240 p. (in Kaz)
9. Nurgali O. (2012). Zhylykynyn koz zhasy. – Almaty: Kaynar. – 310 p. (in Kaz)
10. Piraliyeva G. (2003). On issues of psychology in artistic prose (dreaming, non-verbal gestures, material world). – Almaty: Alash. – 328 p. (in Kaz)
11. Toynbee, A. J. (1954). *A Study of History: Volume III*. Oxford University Press. (in Eng)
12. Zhunisov S. (2013). Akan seri. A novel. Works. – Almaty: Taimas. – 320 p. (in Kaz)